

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің техникалық регламенттерін үйлестіру негіздері туралы келісімді жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 қаңтардағы N 10 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің техникалық регламенттерін үйлестіру негіздері туралы келісімнің
ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің техникалық регламенттерін үйлестіру негіздері туралы келісім жасалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің техникалық регламенттерін үйлестіру негіздері туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттердің Үкіметтері, ЕурАзЭҚ-тағы интеграциялық процестерді дамыту мақсатында, 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартты және 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шартты басшылыққа ала отырып, өзара саудадағы негізсіз шектеулерді жоюға ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде мынадай терминдер пайдаланылады:

"стандарт" - ерікті түрде бірнеше рет пайдалану, мақсатында өнімнің сипаттамалары, өндіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, сату және кәдеге жарату, жұмыстарды орындау немесе қызмет көрсету процестерін жүзеге асыру ережелері және сипаттамалары белгіленетін, көптеген мүдделі Тараптардың келісімі негізінде әзірленген құжат. Стандарт сондай-ақ терминологияға, рәміздерге, орауға, таңбалауға

немесе заттаңбаларға және оларды түсіру ережелеріне қойылатын талаптарды қамтуы
м ү м к і н ;

"халықаралық стандарт" - стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым қабылдаған және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт;

"өңірлік стандарт" - стандарттау жөніндегі өңірлік ұйым қабылдаған және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт;

"ұлттық стандарт" - стандарттау жөніндегі ұлттық орган қабылдаған және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт;

"ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламенті" - ЕурАзЭҚ шеңберінде халықаралық шартпен қабылданған және қолданылуы мен орындалуы міндетті техникалық реттеу объектілеріне (өнімдерге, оның ішінде ғимараттарға, құрылымдарға және құрылыстарға, өндіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, сату және кәдеге жарату процестеріне) қойылатын талаптарды белгілейтін құжат.

Техникалық регламентте сәйкестікті бағалау ережелері мен нысандары, сәйкестендіру ережелері, терминологияға, орауға, таңбалауға немесе заттаңбаларға және оларды салу ережелеріне қойылатын талаптар бола алады;

"өнім" - материалдық-заттай нысанда ұсынылған және одан әрі шаруашылық және өзге де мақсаттарда пайдалануға арналған қызмет нәтижесі;

"сәйкестікті бағалау" - техникалық реттеу объектісіне қойылатын талаптардың сақталуын тікелей немесе жанама анықтау.

2-бап

1. ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламенттері техникалық реттеу, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қоршаған ортаны қорғау, тұтынушыларды адастыратын әрекеттердің алдын алу және өзара саудада негізсіз шектеулерді жою саласында Тараптар мемлекеттерінің заңнамасын үйлестіру мақсатында қабылданады.

ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламенттерін өзге мақсаттарда қабылдауға рұқсат е т і л м е й д і .

2. ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламенттеріндегі өнімге, өндіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, сату және кәдеге жарату процестеріне, сәйкестікті бағалау ережелері мен нысандарына қойылатын міндетті талаптар, сәйкестендіру ережелері, терминологияға, орауға, таңбалауға немесе заттаңбаларға және оларды салу ережелеріне қойылатын талаптар толымды болып табылады және ЕурАзЭҚ-тың тиісті техникалық регламентіне өзгерістер енгізу жолымен ғана өзгертіле алады.

Тараптар өз мемлекеттерінің аумағында мемлекеттік қадағалаудан басқа, өнімге және сәйкестікті бағалау рәсімдеріне қойылатын қосымша талаптарды қолданбай ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламентіне сәйкес келетін өнімнің айналысын қамтамасыз е т е д і .

3. Халықаралық, өңірлік, ұлттық стандарттар, сондай-ақ ұлттық техникалық регламенттер толық немесе ішінара ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламенттерін әзірлеу үшін негіз ретінде пайдаланыла алады.

4. Осы Келісімнің қолданысы санитарлық, ветеринарлық және фитосанитарлық шараларды белгілеуге және қолдануға таратылмайды.

3-бап

1. ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламенттерін әзірлеуді тәртіпке келтіру мақсатында ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңесі үкімет басшылары деңгейінде әзірленуге жататын бірінші кезектегі ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің тізбесін бекітеді.

Көрсетілген тізбенің жобасын Тараптардың ұсыныстары бойынша ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық Комитеті қалыптастырады.

2. Тараптардың кез келгені әзірленуге жататын бірінші кезектегі ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің тізбесін басшылыққа алып, ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламентін әзірлеу туралы ұсынысты ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің қарауына енгізуге құқылы. Ұсыныс қысқа техникалық-экономикалық негіздемені қамтуы тиіс.

3. ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңесі үкімет басшылары деңгейінде осы баптың 1-тармағында көрсетілген тізбе енгізілген ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламентін әзірлеу туралы, оны әзірлеуді қаржыландыру тәртібі туралы шешім қабылдайды және осындай регламентті әзірлеуді жүзеге асыратын Тарапты (Тараптарды) анықтайды.

4. ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламентін әзірлеу тәртібі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшада келтірілген.

4-бап

Тараптардың әрқайсысы ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламентін қолданысқа өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес енгізеді және ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығына осындай регламенттің қолданылуы басталатын күні туралы хабарлайды. Хабарлама және ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламентін енгізу туралы нормативтік құқықтық кесімнің көшірмесін Тарап осы кесім қабылданғаннан кейін 30 күн ішінде жібереді.

5-бап

Осы Келісімге өзгерістер Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізіледі және хаттамалармен ресімделеді.

6-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді осы Келісімнің депозитарийі болып табылатын ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық Комитеті жүзеге асырады.

7-бап

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен ол туралы депозитарийді жазбаша хабардар ету жолымен шыға алады. Бұл Тарап үшін осы Келісімнің қолданысы депозитарий осындай хабарламаны алған күнінен бастап 6 айдан кейін тоқтатылады.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулар Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі немесе оны ЕурАзЭҚ-тың Соты шешеді.

9-бап

Осы Келісім депозитарийдің Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

200__ жылғы "___" _____ қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқалық данада жасалды. Түпнұсқалық данасы ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық Комитетінде сақталады, ол әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Беларусь

Қазақстан

Қырғыз

Республикасының

Республикасының

Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Р е с е й

Т ә ж і к с т а н

Федерациясының

Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Еуразиялық

экономикалық

қоғамдастыққа

мүше

мемлекеттердің

техникалық

регламенттерін

үйлестіру

негіздері

туралы келісімге қосымша

ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламентін әзірлеу

ТӘРТІБІ

1. ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңесі үкімет басшылары деңгейінде әзірленуге жататын бірінші кезектегі ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің тізбесіне енгізілген

ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламентін әзірлеу туралы, оны әзірлеуді қаржыландыру тәртібі туралы шешім қабылдайды және осындай регламентті әзірлеуді жүзеге асыратын Тарапты (Тараптарды) (бұдан әрі - әзірлеуші) анықтайды.

2. ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламентін (бұдан әрі - регламент) әзірлеу әзірлеуші мемлекеттің заңнамасында белгіленген рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

3. ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығы ЕурАзЭҚ-тың ресми басылымдарында регламентті қабылдау мақсаттарын, техникалық реттеу объектілерінің сипаттамасын, халықаралық стандарттар ережелерінен немесе регламентті әзірлеу сәтінде ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумағында әрекет ететін міндетті талаптардан ерекшеленетін талаптарды баяндауды қамтитын регламентті әзірлеу туралы хабарламаны жариялайды.

4. Регламентті әзірлеу туралы хабарлама жарияланғаннан кейін әзірлеуші регламент жобасын дайындауды жүзеге асырады және оны түсіндірме жазбамен бірге ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығына жібереді.

Түсіндірме жазбада техникалық регламентті қабылдау мақсаттары, техникалық реттеу объектілерінің қысқаша сипаттамасы, регламент жобасында халықаралық ережелердің, нормалар мен ұсынымдардың ескерілгені туралы мәліметтер көрсетіледі.

5. Регламент жобасын дайындау барысы 3 айда кемінде 1 рет ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық Комитеті жанындағы Саудадағы техникалық реттеу, санитарлық, ветеринарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) отырысында қаралады.

Регламент жобасын қарау нәтижелері әзірлеушіге жіберіледі және ЕурАзЭҚ-тың ресми басылымдарында жарияланады.

6. Тараптар Комиссия отырысынан бастап бір айлық мерзімде әзірлеушіге регламент жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар жібереді.

Комиссия отырысында регламент жобасын кезекті көпшілік алдында талқылау өткізгенге дейін бір ай бұрын регламентті әзірлеуші бұл жобаны Тараптардың ескертпелері мен ұсыныстары жинағымен бірге ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығына жібереді. Регламент жобасын көпшілік алдында талқылау мерзімі кемінде 4 айды құрайды.

7. Комиссия мақұлдаған регламент жобасы, Тараптардың ескертпелері мен ұсыныстарының жинағы ЕурАзЭҚ-тың ресми басылымдарында оны көпшілік алдында талқылаудың аяқталғаны туралы хабарламамен бір уақытта жарияланады.

8. Комиссия мақұлдаған регламент жобасы және Тараптардың ескерілмеген ескертпелері мен ұсыныстары жинағы ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің қарауына енгізіледі.

9. ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық Комитеті мақұлдаған регламент жобасы ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің қарауына енгізіледі.

10. Қабылданған регламент, сондай-ақ оны қолданысқа енгізу туралы Тараптар

мемлекеттерінің нормативтік құқықтық кесімдері ЕурАзЭҚ-тың және Тараптар мемлекеттерінің ресми басылымдарында жарияланады.

11. ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығы ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің тізілімін жүргізеді.

12. Регламенттерді қайта қарау осы Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ